

Қарағанды көмір бассейніндегі жабылатын шахталарда жою жұмыстарын жүргізуді жеделдету жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 8 тамыз N 984. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.07.14. N 666 қаулысымен. ~P980666

Қарағанды көмір бассейніндегі жабылатын шахталарда жою жұмыстарын уақтылы жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2851 (екі мың сегіз жүз елу бір) млн. теңге, оның ішінде 1996 жылы 1278 (бір мың екі жүз жетпіс сегіз) млн, теңге сомасына арналған Қарағанды көмір бассейніндегі жабылатын шахталарда жою жұмыстарын жүргізудің беріліп отырған бағдарламасы мақұлдансын. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.12.31.

N 1715 қаулысымен. P961715_

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996-1998 жылдары бекітілген бағдарламаға сәйкес жабылатын шахталарда жою жұмыстарын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Медетші банкі арқылы "Қарагандаликвидшахт" мамандандырылған кәсіпорнына қажетті қаржы ресурстарын бөлуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі 1996 жылдың 15 қыркүйегіне дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қажетті есептер мен Қарағанды көмір бассейніндегі жабылатын шахталар өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапкершілікте болатын адамдардың тізімін табыс етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Халықты

әлеуметтік қорғау министрлігі 1996 жылдың 1 қазанына дейін Қарағанды көмір бассейніндегі жабылатын шахталар жауапкершілікте болатын өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін адамдарға өтем төлемдері жөніндегі шығыстарды 1997 жылы және одан кейінгі жылдары қаржыландыру көздерін дайындау жөнінде ұсыныс енгізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 1996 жылғы 8 тамыздағы
 N 984 қаулысына
 қосымша

Қарағанды көмір бассейніндегі жабылатын шахталарда
 жою жұмыстарын жүргізудің

БАҒДАРЛАМАСЫ

Шығындардың атауы	барлығы Жылдар бойынша шығындарды игерудің көлемі				
	1995	1996	1997	1998	
1	2	3	4	5	6
Барлығы	2851,0	120,0	1278		
<*>					
995					
<*>					
458,0					
оның ішінде:					
Майқұдық шахтасы	477,0	44,3	267,9	164,8	-
Северная шахтасы	243,0	4,3	180,8	57,9	-
Дубовская шахтасы	357,6	39,4	226,2	92,0	-
Топар шахтасы	285,3	17,4	180,9	82,3	4,7
Степная шахтасы	194,3	12,6	132,5	49,2	-
Шерубай-Нұра шахтасы	390,6	-	116,1		
<*>					
177,7					
<*>					
96,8					
Долинская шахтасы	398,0		116,3		
<*>					
185,2					
<*>					

96,5

"Карагандалигвидшахт"

МК бойынша пайдалану

шығыстары 56,0 2,0 18,0 18,0 18,0

Октябрь революциясының

50 жылдығы атындағы

шахта (бұрынғы N 37

және N 38 шахталарының

бөлігінде) 449,2 - 39,3 167,9 242,0

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1996.13.31. N 1715
қаулысымен.